



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
Коммерциялық емес мекемесінің
Бақылау кеңесі туралы ереже



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

**«Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі» КЕМ
Директорының 2018 жылғы «28»
қыркүйектегі № 82-18/1-ОД
бұйрығымен бекітілген
(2022 жылғы 09.03. № 45-22-ОД
бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен
толықтырулармен).**

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі Коммерциялық емес мекемесінің Бақылау кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (бұдан әрі – Агенттік) Коммерциялық емес мекемесінің (бұдан әрі – Агенттік) Бақылау кеңесі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Агенттіктің Жарғысына, сондай-ақ 2015 жылғы 14-15 мамырда Ереванда жоғары білім министрлері конференциясы мақұлдаған Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің стандарттары мен нұсқаулықтарына (ESG) (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG), (2015), Brussels, Belgium) сәйкес әзірленді.

1.2. Бақылау кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) білім сапасын арттыруға қоғам, мемлекет және бизнестің сұранысын тиімді қанағаттандыруға бағытталған тәсілдер арқылы Агенттік қызметін бақылауды жүзеге асыру, аккредиттеу қызметіндегі қазақстандық заңнама мен халықаралық стандарттардың талаптарын орындау, сондай-ақ Агенттіктің стратегиялық дамуын басқару саласында ұсынымдар әзірлеу және оның қызметіне жан-жақты жәрдем көрсету, қоғамдық бақылау функцияларын орындау және жүйелі жетілдіру мақсатында құрылады.

1.3. Бақылау кеңесі Агенттіктің тәуелсіз, дербес алқалы бақылау және консультациялық органы болып табылады және оның Сапа менеджменті жүйесіне (сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне) кіреді.

1.4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім мен аккредиттеу сапасына қойылатын халықаралық талаптарды, Агенттіктің Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Кеңестің қызметі Агенттік мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады.

1.6. Кеңес Агенттіктің бас директорымен, Аккредиттеу кеңесімен, білім саласындағы уәкілетті органмен, мүдделі ұйымдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

1.7. Кеңес мүшелерінің өз функцияларын орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1.8. Ешбір тұлға (тұлғалар тобы) Кеңестің шешімдер қабылдауына ықпал ете алмайды.

1.9. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда Агенттік Кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын өтей алады.

2. Бақылау кеңес құзыреттілігі

2.1. Бақылау кеңес құзыреттілігіне:

1) Агенттікті дамыту Стратегиясын (Стратегиялық жоспарын) қарастыру және келісу;

2) Агенттік қызметінің басымды бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу және көмек көрсету;

3) Агенттікті дамыту Стратегияларын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және іс-шаралар жоспарларын келісу;

4) Уәкілетті органға және шетелдік аккредиттеу органдарына ұсынылатын Агенттік қызметі туралы негізгі құжаттарды қарастыру, олар бойынша тиісті ұсынымдар әзірлеу;

5) Агенттік қызметі туралы жылдық есептерді қарастыру және келісу;

6) Агенттіктің Құрылтайшылары мен атқарушы органының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

2.2. Кеңес өз құзыреті шеңберінде Агенттіктің бас директорын және Аккредиттеу кеңесінің төрағасын тыңдауға құқылы.

2.3. Кеңес өз құзыреті шеңберіндегі функцияларды орындау және қарауға қабылданған мәселелерді шешу үшін Агенттіктің тиісті құжаттамасымен танысуға құқылы.

3. Бақылау кеңесінің құрамы

3.1. Кеңес құрамына ерікті негізде елдің ғылыми, педагогикалық, қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, мемлекеттік басқару органдарының және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, бизнес-қоғамдастық пен әртүрлі қызмет салаларындағы ұйымдардың өкілдері, оның ішінде білім саласындағы халықаралық сарапшылар, жұмыс берушілер және студенттік бірлестіктер кіре алады. Кеңес мүшелері білім саласындағы уәкілетті орган, қауымдастықтар, кәсіби және студенттік бірлестіктер ұсынған болуы тиіс.

3.2. Кеңес мүшесі ретінде жұмысқа жеке өзі қатысатын жеке тұлға да, өз өкілі арқылы қатысатын заңды тұлға да бола алады. Кеңес мүшесі бір мезгілде Агенттіктің атқарушы органы мүшесі немесе штаттық қызметкері бола алмайды.

3.3. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 5 (бес) жылдан аспауы тиіс. Кеңес мүшелері жаңа мерзімге қайта сайлана алады. Оқушылар қатарынан Кеңес мүшесі ретінде сайлану мерзімі оның оқу уақытымен шектеледі.

3.4. Кеңесті төраға басқарады.

3.5. Төраға Кеңес мүшелері арасынан дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен 5 (бес) жылға сайланады. Өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда Төраға өкілеттігінің мерзімі Кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ұзартылады.

3.6. Кеңес мүшесі жазбаша өтініш негізінде кез келген уақытта өз міндеттерін одан әрі орындаудан бас тарта алады. Мұндай Кеңес мүшесінің өкілеттігі аталған хабарламаны алған сәттен тоқтатылады.

3.7. Кеңес құрамына жаңа мүше қосу мәселесі әртүрлі қауымдастықтардың, кәсіби және студенттік бірлестіктердің ұсынымы бойынша кезекті мәжілісте қаралады.

3.8. Бақылау кеңесінің құрамы Кеңес төрағасымен бекітіледі.

3.9. Бас директор Кеңес алдында стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің орындалуына жауапты.

4. Бақылау кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Кеңес мүшелері:

1) Кеңес мәжілісін шақыруға бастама жасауға;

2) Кеңес мәжілісінің күн тәртібіне ескертулер мен ұсыныстар енгізуге;

3) Кеңес қарайтын күн тәртібі мәселелері бойынша өз пікірін білдіруге. Шешім жобасымен келіспеген жағдайда, Кеңес мүшесі өз көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша түрде баяндауға;

4) Кеңес мәжілісіне қатысатын баяндамашыларға талқылауларға қатысуға және сұрақтар қоюға;

5) Кеңес қызметінің кез келген мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге және оларды Төраға-ға жіберуге құқылы.

4.2. Кеңес мүшелері:

1) өз қызметін адал және жауапкершілікпен, білім сапасын арттыру мүддесінде, сондай-ақ Агенттік мүддесінде жүзеге асыруға, Агенттікке зиян келтірудің алдын алу үшін Кеңес мәжілісін шақыруға бастама жасау, Төрағаны хабардар ету немесе өзге қолжетімді тәсілмен қажетті шаралар қолдануға;

2) Кеңес мәжілісі жұмысына қатысуға міндетті. Мәжіліске қатыса алмаған жағдайда, Кеңес мүшесі Төрағаны алдын ала хабардар етеді.

4.3. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес мәжілістерін шақырады, мәжілістің нысанын, күнін, уақыты мен өткізілетін орнын, күн тәртібін айқындайды, қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды ұсыну жөнінде шаралар қолданады, мәжілістерде төрағалық етеді;

2) Кеңес мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілік салаларын бөледі;

3) Кеңес қызметіне қатысты барлық ағымдағы мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Агенттіктің ішкі құжаттарымен, осы Ережемен көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

4.4. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын осы мақсатта сайланған Кеңес мүшесі уақытша орындайды.

5. Бақылау кеңесінің регламенті

5.1. Кеңес мәжілісінде оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда Кеңес шешімдер қабылдауға құқылы.

5.2. Кеңес мәжілісі оның Төрағасының бастамасымен шақырылуы мүмкін, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілуі тиіс.

5.3. Кеңес мәжілісінің өткізілетіні туралы хабарлау тәртібі Кеңестің жаңадан бекітілген құрамының бірінші мәжілісінде келісіледі.

5.4. Кеңес мүшесі Кеңес мәжілісіне қатыса алмайтыны туралы Төрағаны алдын ала хабардар етуге міндетті.

5.5. Кеңестің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды Агенттіктің атқарушы органы ұсынады және аталған мәселеге жауапты тұлға дайындайды. Кеңес мәжілісінің материалдары Кеңестің шешім қабылдауы үшін қажетті барлық ақпаратты қамтуы тиіс.

5.6. Кеңестің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Кеңес қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Кеңес мәжілісіне қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының немесе Төраға функцияларын орындаушы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

5.7. Кеңестің күндізгі мәжілісінде қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді; хаттама мәжілістен кейін бес күннен кешіктірмей жасалуы және Төраға немесе мәжіліске төрағалық еткен тұлға мен мәжіліс хатшысы қол қоюы тиіс.

5.8. Төраға қалауы бойынша қарауға шығарылған мәселелер бойынша Кеңестің шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауы мүмкін. Кеңестің сырттай мәжілісінің шешімдері хаттама түрінде хаттамаға қоса берілетін Кеңес мүшелері қол қойған бюллетендер негізінде ресімделеді. Хаттамаға Кеңес төрағасы мен хатшы қол қояды.

5.9. Кеңес мәжілістерінің хаттамалары (шешімдері) Агенттіктің мұрағатында сақталады.

5.10. Кеңес хатшысы Агенттік қызметкерлері арасынан Агенттіктің бас директорының ұсынымы бойынша мүшелер тарапынан сайланады. Кеңес хатшысы Кеңес мүшесінің өкілеттігіне ие емес және дауыс берген кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Кеңестің әрбір мәжілісіне хатшы күн тәртібіне сәйкес материалдар қосымшасымен күн тәртібін жасайды. Кеңес мәжілісінде хатшы хаттаманы жүргізуге жауапты. Хаттама мәжіліс өткізілгеннен кейін бес күннен кешіктірмей ресімделіп, Кеңес төрағасы мен хатшы қол қояды.

Кеңес хатшысы Агенттік Кеңесінің мәжіліс хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты.

5.11. Кеңес хатшысы сырттай дауыс беру жолымен қабылданған мәжіліс хаттамасын (шешімін) оның мүшелерінің танысуы үшін ұсынады.

6. Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

6.1. Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Кеңестің тиісті шешімдерімен тағайындалған орындаушылардың Кеңеске есептер ұсынуы арқылы қамтамасыз етіледі.

6.2. Кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды Агенттіктің атқарушы органы қамтамасыз етеді.

6.3. Кеңес белгілеген мерзімдерде Агенттіктің атқарушы органы Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есептер ұсынады.

6.4. Агенттіктің атқарушы органы ұсынған есептерді қарау қорытындылары бойынша Кеңес өз өкілеттігі шеңберінде атқарушы органға қажетті ұсынымдар беруге құқылы.

6.5. Кеңес хатшысы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Агенттік органдарының назарына жеткізеді және Кеңесті Кеңес шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы хабардар етеді.

